

**Сарат жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №3**

16 наурыз 2022 жыл

Қатысқан мүшелер саны: 9

Қатыспаған мүшелер саны: 0

Қамқоршылық кеңес мүшелері, хатшы, мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту. Мектеп директоры Ж.Б.Қайдақова
2. Оқушыларды медициналық тексеру қорытындысы. Дәрігер К.К.Тумышева
3. Наурыз айындағы мерекелерді ұйымдастыру туралы. ДТІЖО М.С.Есмаганбетов

Тыңдалды

1. Мектеп директоры Ж.Б.Қайдақова мектептің материалдық-техникалық базасы жөнінде айтып өтті. Жаңа оқу жылына арналған мектептің материалдық-техникалық базасы жаман емес. Себебі мектептің ішкі жағдайы таза, жарық, тазалау жұмыстары толық жүргіліп, сырланып, жөндеу жұмыстары жасалған. Мектеп терезелеріне жалюзи бар. Оқу кабинеттері жабдықтармен жасалған. Оқушыларға қажетті көрнекіліктер ілінген. Көктемде мектеп ауласы абаттандыру жұмыстары жасалады. Кабинеттердің жабдыкталуын әлі де толық қамту керек.

2. Ақтасты ауылдық медпункт дәрігері К.К.Тумышева Сарат ЖОББ мектебі бойынша 73 оқушы бар. 2021-2022 оқу жылында 1 кластың 9 оқушысы мед тексеруден толық өткізілді. Анықталған ауру балалар жоқ. Жалпы балалар жасына байланысты скринингті тексеруден тұрақты өтіп тұрады. Каронавируске байланысты: ковидпен ауырған бала жоқ. Оқушылардың медициналық тексеру жұмыстары өз уақытында жүргізілуде.

Сөйлеушілер: Кеңес мүшесі Ж.Ы.Класбаева дәрігерлер өз міндеттерін жақсы атқаруда.

Балдарымз ауырса уақытында тексеріп, дәрісін беріп, жағдайының жақсаруын қадағалайды. Баламыз вакцина алды. Денсаулығына ешқандай қиындық келген жоқ.

3. Наурыз айындағы мерекелерді ұйымдастыру туралы. ДТІЖО М.С.Есмаганбетов. Мектепшілік ұйымдастырылатын шаралармен сіздерді таныстырып өтейін. Аудандық білім бөлімі 2022 жыл 24 ақпан №2-686 хаты негізінде, 1-22 аралығында мектепшілік наурыз мерекесіне жоспар құрылды. Сонымен қатар аудандық білім бөлімі Ақтөбе облыстық білім басқармасының тапсырмасына сәйкес, Наурыз мерекесін тиісті деңгейде ұйымдастыру, 10 күн тойлау бойынша іс-шаралар тізімі берілді.

14 наурыз - «Көрісу күні»

15 наурыз - «Бата беру күні»

16 наурыз - «Жайлау күні»

17 наурыз - «Сарқыт күні»

18 наурыз - «Игі істер күні» қайырымдылық күні

19 наурыз - «Ұлттық спорт күні»

20 наурыз - «Шаттық күні» мүмкіндігінше ұлттық киімдерді кию, насихаттау

21 наурыз - «Шеберлер күні» қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі

22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні»

23 наурыз – «Қайрымды ұлт» мүмкіндігі шектеулі балаларға концерт ұйымдастыру. Осы мерекелік күндерге арналып, сыныптарда тәрбелік шаралар өтеді. 17 наурыз күні мектепшілік «Армысың Әз Наурыз» тақырыбында мектепшілік мерекелік шара өтеді.

Сөйлеушілер: Қ.Ш.Нұрияхметова наурыз мерекесі екі жыл карантинге байланысты болған жоқ. Наурыз меркесі қазақтың ел болып тойлайтын мерекесі. Сондықтан ата-аналар болып белсенділік танытып, ұйымшылдықпен осы шаралардың жақсы өтуіне ат салысамыз.

Кеңес ұсынысы:


1. Мектептің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, жөндеу жұмыстары орындалсын.
2. Оқушыларды медициналық тексерілуі әрі қарай жалғасын тапсын.
3. Наурыз айында өткізетін іс-шаралар жақсы деңгейде өткізілсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




Қ.Ш.Нұрияхметова

Хатшы:




Г.А.Сейдагулова


Кеңес мүшелері:




К.Тумышева



Ж.Н.Жеткергенова



Р.Н.Жеткергенов



С.Л.Давыдова



Т.Қайырханқызы



Ж.С.Ыкласбаева



А.А.Жубатова